

Шектеу іс-шараларын енгізуге байланысты ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 15 қаңтардағы № 02 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 30 қаңтарда № 4559 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 28 қаңтардағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округі әкімінің 28.01.2019 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес, Мағжан Жұмабаев ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 27 қарашадағы № 12-11/189 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Мүйізді ірі қара малының арасынан бруцеллез ауруы анықталуына байланысты, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округінің Куломзино ауылында орналасқан "Куломзино" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ж. Канышев